

ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңін өткізу уақыты: **5-сыныптар - 12 қараша, сағат 09:00**

6-сыныптар - 12 қараша, сағат 11:30.

Тест саны – 30, тест тапсырмаларының нысаны – «бір дұрыс жауабы бар жабық». Әр тапсырманың жанында тапсырма қанша ұпаймен бағаланатыны көрсетіледі.

Тапсырмаларды орындау уақыты – 60 минут.

Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы үшін:

- **1 балл** (1 деңгей);

- **2 балл** (2 деңгей);

- **3 балл** (3 деңгей).

Тестілеудің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны үшін деңгейге сәйкес ұпай беріледі, ал бір дұрыс емес жауап үшін -1 ұпай шегертіледі. Белгіленбеген сұрақ үшін 0 ұпай қойылады. Онда тек бір дұрыс жауап бар.

Ең жоғары ұпай - 60 балл.

Барлық қатысушыларға қажет:

- олимпиада басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын Олимпиада өтетін жерге келу;

- ұйымдастырушының сүйемелдеуімен қосымша заттарды, ұялы телефондарды арнайы бөлінген орынға қалдырып, аудиторияға өту;

- ұйымдастырушы көрсеткен орынға ие болу;

- жұмысты орындау жөніндегі нұсқаулықты тыңдау, танысу;

- тапсырманы орындауға кірісу;

Олимпиаданың басталуына кешіккен қатысушылар аудиторияға жіберілмейді.

Олимпиада қатысушылары құқылы:

Қатысушылардың жұмыс орнында қажетті және рұқсат етілген кеңсе тауарлары (жазу құралдары, ауыз су және шоколад) болуы мүмкін. Калькуляторға тыйым салынады.

Олимпиаданы өткізу кезеңінде:

- ұйымдастырушылар Олимпиаданың басталу уақытын жариялағаннан кейін (Олимпиаданың басталу және аяқталу уақыты тақтаға жазылады) жұмысты орындауға кірісу;

- олимпиадаға қатысушылар сайыс кезінде аудиториядан дәлелді себеппен (санитарлық бөлмеге, медициналық кабинетке) шығып, Олимпиада жұмысын аудиториядағы жауапты ұйымдастырушыға тапсыра алады.

Олимпиада аяқталғаннан кейін немесе Олимпиаданы алдын-ала аяқтағаннан кейін қатысушы аудиториядан шыға алады.

Ескерту: олимпиаданы мерзімінен бұрын аяқтауға рұқсат етіледі.

Олимпиадалық тапсырмалардың критерийлеріне, бағалау әдістемесіне және орындалу нәтижелеріне апелляция беру көзделмеген.

Олимпиада турың өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

1. электрондық түрдегі кез-келген ақпаратты, жеке компьютерлерді, мобильді және интернет байланыс құралдарын пайдалану;
2. қатысушылар арасындағы әңгімелер;
3. орнынан тұру;
4. басқа қатысушының орнынан орнына ауыстыру;
5. қатысушылар арасында кез-келген материалдармен және заттармен алмасу;
6. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалану.

Қатысушының жұмысын бағалаудың объективтілігі мақсатында бүкіл тур бойы аудио және бейнежазба жүргізіледі, ол Олимпиада аяқталғанға дейін сақталады.

Жарысқа қатысу ережелерін бұзған немесе оларды сақтаудан бас тартқан жағдайда қатысушы Олимпиадаға қатысуды жалғастыру құқығынан айырылады.

Шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді. Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған «қол қоюдан бас тартты» деген жазба енгізіледі. Олимпиада пәні бойынша қатысу нәтижелері жойылады.